

Алдасугурова Чинаргүл Жақыпқызының «8D05108 - Геоботаника» білім беру бағдарламасы бойынша «Іле Алатауында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa potentilliflora* Chrshan. et M.Pop. өсімдігі популяциясының қазіргі жағдайын бағалау» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшісінен

ПІКІР

Алдасугурова Чинаргүл Жақыпқызының докторлық (PhD) диссертациясы аса өзекті мәселеге арналған. Себебі адамдардың табиғатқа әсері жыл сайын артып келеді. Бұл әсіресе биологиялық алуантүрлілікке, оның ішінде сирек кездесетін эндемдік және реликт өсімдік түрлеріне қатты қысым түсіруде, тіптен олардың жойылуына әкеліп соқтырады. Биологиялық түрдің жойылуы, бұл табиғатта ғасырлар бойы қалыптасқан тепе - теңдіктің бұзылуы деген сөз. Ол орны толмас өкінішке әкеліп соқтырады. Бұл тек қазақстанның ғана емес, әлемдік проблема. Сондықтан сирек кездесетін эндемдік және реликт өсімдік түрлерін популяциялық деңгейде зерттеп, олардың қазіргі кездегі жағдайына ғылыми тұрғыдан баға беру аса өзектік мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда Алдасугурова Ч.Ж. қазақстанда сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі эндемдік түр *R. potentilliflora* өсімдігінің табиғи популяцияларын кешенді түрде зерттеу жүргізді, ғылымның бүгінгі күнгі талабына толық сай келеді.

Ч.Ж.Алдасугурованың диссертациясы кіріспеден, әдебиеттерге шолудан, зерттеу жүргізген аймақтың физика географиялық жағдайынан, зерттеу нысандары мен әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен және оларды талдаудан, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттердің тізімінен тұрады.

Кіріспеде диссертант жұмыстың өзектілігін көрсете білген, алдына 6 мақсат қойған, осы мақсаттардың барлығын орындай білген. Әдебиеттерге шолу тарауында осы итмұрындардың түрлеріне қатысты алыс, жақын шетелдерде және қазақстанда жүргізілген зерттеулерге талдау жасай білген. Зерттеу жүргізген аймақтың физика - географиялық жағдайына (геологиясына, топырағына, климатына, жер бедеріне, өсімдіктер жабынына) жан - жақты талдау жасаған. Зерттеу әдістеріне арналған тарауда, флорасын, геоботаникалық морфо - анатомиялық, фитохимиялық, топырақтың химиялық құрамын, ризосфералық микроорганизмдерді анықтауға қатысты барлық зертханада жүргізілген әдістерге толық сипаттамалар берген.

Зерттеу нәтижелері бойынша Іле Алатауының - шығыс бөлігіндегі Торайғыр және Сөгеті аласа тау жотасынан, Түрген шатқалының орманды белдеуінен табылған *R. potentilliflora* өсімдігінің популяцияларының әрқайсынан 3 ценепопуляцияға геоботаникалық тұрғыдан сипаттамалар жасап, ондағы осы түрдің жастық құрамына талдау жасалған. Сонымен бірге осы нүктелерден табылған *R. potentilliflora* өсімдік популяцияларының

флоралық құрамы анықталып, оларға жан - жақты талдау жасалған. Осы 3 популяциядан алынған *R.potentilliflora* өсімдігінің вегетативті мүшелерінің (сабағына, тамырына, жапырағына) және жемісінің анатомиялық құрылысына сипаттамалар беріліп, талдау жасалынған. Сонымен бірге *R. potentilliflora* өсімдігінің жапырағының, гүлінің және жемісінің фитохимиялық құрамы анықталып оларға талдау жасалған. Осы өсімдіктің ризосфералық микроорганизмдерінің сандық көрсеткіші және агрохимиялық құрамы анықталған. Топырағының карашіріндісіне, механикалық құрамына, рН мәніне және басқада көрсеткіштеріне талдау жасалған.

Барлық зерттеулер жоғарғы ғылыми - методикалық деңгейде жүргізілген, алынған нәтижелері көңілге қонарлық. Диссертант зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерін қорытынды бөлімінде жоғарыда аталған 6 міндет бойынша жан - жақты талқылап көрсеткен. Барлық алынған мәліметтері тікелей өз зерттеуінің нәтижелерінен туындаған. Диссертациялық жұмыс 168 беттен тұрады, 35 кестемен, 28 суреттермен безендірілген, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі 296 жұмысты қамтиды.

Қорыта келе айтарым Алдасугурова Чинаргүл Жакынқызының, «Іле Алатауында сирек кездесетін, эндемдік өсімдігі популяцияларының қазіргі кездегі жағдайын бағалау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми - методикалық деңгейде жүргізілген, алынған нәтижелері мен ұсыныстары өз зерттеуінің негізінде жасалған.

Жұмыс «Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толықтай сай келеді, ал оның авторы – Ч.Ж. Алдасугурова аталған ғылыми дәрежеге тұрарлық деп есептеймін.

әл – Фараби атындағы ҚазҰУ
биология және биотехнология факультеті,
ботаника және агроэкология кафедрасының
профессоры б.ғ.к..



Аметов А.

